

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

ҚАҒИДА

2025 ж. 26 наурыз

күні

Алматы қ.

ПРАВИЛА

№ П-02-25

г. Алматы

Бекітемін

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрлігінің

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ

Ғылыми кеңестің шешімімен

Төраға Г. Тасбергенова

2025 жылғы «26» наурыз № 09 хаттама



КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКА БАЗАЛАРЫ РЕТІНДЕ ҰЙЫМДАРДЫ АЙҚЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Дайындады:			
Практика, жұмыспен қамту және мансап секторының басшысы		А. Әбдіқадыр	24.03.25
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторының басшысы		Ж. Мусаева	24.03.25
Келісілді:			
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Г. Әбдірахман	26.03.25
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор		А. Нусупова	26.03.25
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Н. Ертаева	26.03.25
Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы		Г. Карабалаева	26.03.25
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы		А. Сарымсакова	26.03.25
Заң секторының басшысы		Д. Мамедова	26.03.25
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. ПРАКТИКА ТҮРЛЕРІ.....	4
3. ҰЙЫМДАРДЫ ПРАКТИКА БАЗАСЫ РЕТІНДЕ АЙҚЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	7
4. ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ.....	8
5. ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	9
6. ПРАКТИКАҒА ЖЕТЕКШІЛІК ЕТУ.....	9
7. ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	12
8. ПРАКТИКАҒА ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАУ.....	13
9. ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	14
10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	15
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ.....	32
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	33

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының (бұдан әрі – ҚҰК) бакалавриат, магистратура мен докторантура үшін оқу, педагогикалық, өндірістік, дипломалды және зерттеу практикасын ұйымдастыруды регламенттейді.

2. Осы Қағидалар практика, жұмыспен қамту және мансап секторына, академиялық мәселелер жөніндегі проректорға, ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорға, факультет декандарына, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторына, бітіруші кафедра меңгерушілеріне, кафедралардағы тәжірибе үшін жауапты тұлғаларға, сондай-ақ бакалавриат, магистратура және докторантура білім алушыларына басшылыққа алуы үшін қабылданады.

3. Қағидалар келесі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес әзірленді:

1) ҚР Конституциясы;;

2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңы.

3) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

4) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;

5) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

4. Білім алушылардың кәсіби тәжірибесі білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында (әрі қарай – Құрманғазы ат. ҚҰК) білім алушылардың кәсіби практикасының мақсаты – оқу үрдісінде алынған теориялық білімдерін бекіту және жүзеге асыру, тәжірибеге дағдылану, кәсіби функциялардың дамуын жетілдіру және толықтыру, құзыреттілік қалыптастыру болып табылады.

5. Кәсіби практика (түрлері бойынша) теориялық оқытумен қатар жүргізіледі. Кәсіби практика түрлері, олардың ұзақтығы мен мазмұны жұмыс оқу жоспарымен, білім беру бағдарламасымен (түрлері бойынша), сонымен қатар практикалық бағдарламалармен белгіленеді.

6. Магистранттар мен докторанттарды практикалық даярлау практиканың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың әртүрлі түрлерін қамтиды және Теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге бағытталған магистрлік және докторлық бағдарламалардың міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.

7. Құрманғазы атындағы ҚҰК білім алушыларында практиканың мақсаты оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту және іске асыру, практикалық дағдыларды игеру және кәсіби функцияларды дамытуды толықтыратын және ілесіп құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 3 ші беті

8. Білім алушыларды практиканың барлық түрлеріне жіберу Құрманғазы атындағы ҚҰК ректорының бұйрығымен Білім беру бағдарламалары бойынша оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге, практика базаларына және консерваториядан практика басшысына сәйкес ресімделеді.

9. Құрманғазы атындағы ҚҰК практикасын өткізу үшін практика базасымен келісілген бағдарламаны, күнтізбелік кестелерді бекітеді.

10. Практикадан өту үшін білім алушыға белгіленген нысандар бойынша тәжірибе күнделігі-есебі беріледі. Практиканың әрбір түрі бойынша Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясынан білім алушыларға практика жетекшілері тағайындалады. Консерватория тарапынан практика жетекшісі ретінде кәсіби саланың ерекшеліктері мен практика базаларының жұмысын жақсы білетін профессорлар, доценттер және тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.

2. ПРАКТИКА ТҮРЛЕРІ

11. Білім алушылардың кәсіби практикасы бакалавр бағдарламасы бойынша келесі түрлерді қамтиды:

1) 6B02123 – «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасы үшін оқу, өндірістік және дипломалды практикасы;

2) 6B02103 – «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасы үшін оқу, педагогикалық, өндірістік практикасы;

3) 6B02111 – «Композиция» білім беру бағдарламасы үшін оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикасы;

4) 6B02114 – «Музыкатану» (түрлері бойынша) білім беру бағдарламасы үшін оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикасы;

5) 6B02115 – «Аспаптық орындаушылық» (түрлері бойынша) білім беру бағдарламасы үшін оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикасы;

6) 6B02116/6B02121 – «Дәстүрлі музыкалық өнер» (түрлері бойынша) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикасы;

7) 6B02117 – «Дирижерлеу» білім беру бағдарламасы үшін оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикасы.

8) 6B02118 – «Әскери-үрмелі оркестрді дирижерлеу» бірлескен білім беру бағдарламасы үшін: оқу және өндірістік.

12. Магистрлік бағдарлама бойынша білім алушылардың кәсіби практикасы мынадай практика түрлерін қамтиды:

1) 7M02101 – «Музыкатану» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

2) 7M02102 – «Аспаптық орындаушылық» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

3) 7M02103 – «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

4) 7M02104 – «Дәстүрлі музыкалық өнер» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық;

5) 7M02154 – «Дәстүрлі музыкалық өнер» (Профильдік бағыт) өндірістік;

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 4-ші беті

6) 7M02105 – «Дирижерлеу» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

7) 7M02111 – «Композиция» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

8) 7M02123 – «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

9) 7M02152 – «Аспаптық орындаушылық» білім беру бағдарламасы үшін өндірістік;

10) 7M02155 – «Дирижерлеу» білім беру бағдарламасы үшін өндірістік;

11) 7M02153 – «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасы үшін өндірістік;

12) 7M02163 – «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасы үшін өндірістік;

13. Докторлық бағдарлама бойынша білім алушылардың кәсіби практикасы мынадай практика түрлерін қамтиды:

1) 8D02101 – «Музыкатану» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

2) 8D02123 – «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

3) 8D02102 – «Аспаптық орындаушылық» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

4) 8D02103 – «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

5) 8D02104 – «Дәстүрлі музыкалық өнер» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

6) 8D02111 – «Композиция» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

7) 8D02105 – «Дирижерлеу» білім беру бағдарламасы үшін педагогикалық, зерттеу практикасы;

14. Оқу практикасы. Бакалавриаттың барлық білім беру бағдарламалары үшін оқу практикасы 1-ші курста 2-ші семестрде өткізіледі.

Оқу практикасының мақсаты – білім алушыны ЖОО қызмет бағытымен, ҚҰК-да жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасымен, болашақ кәсіби қызмет түрлерімен және міндеттерімен таныстыру болып табылады.

Оқу практикасының негізгі міндеттері:

1) Басқару құрылымы мен жүйесін қоса есепке алғанда болашақ мамандық нысаны болып табылатын жалпы білім беру ұйымдарымен және мәдениет орындарымен таныстыру;

2) Жалпы шығармашылық ұжымдармен таныстыру;

3) Мектептегі қызмет ерекшелігімен (оқыту әдісімен, жаңартылған білім беру технологиялары, құжаттарды жүргізу) таныстыру;

4) Болашақ кәсіби қызмет түрлерімен, қызмет саласымен және оның міндеттерімен таныстыру болып табылады.

15. Педагогикалық практика. Педагогикалық практика әр семестрде 6 кредиттен 3 курста (5, 6 семестр) өткізіледі.

Педагогикалық практика мақсаты – жалпы ғылыми, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімін нығайту және тереңдету, заманауи білім беру

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 5-ші беті

технологияларын қолдана отырып, білім беру үдерісін енгізу және ұйымдастыру, педагогикалық шеберлік пен риторикалық дағдыларды дамыту, кәсіби деңгейін көтеру.

16. Өндірістік практика. Өндірістік практика 2, 3 және 4 курстарда (4, 5, 6, 7, 8 семестр (ББ бойынша)) әр семестрде 4 кредиттен өткізіледі.

Өндірістік практика мақсаты – орындау шеберлігін көтеру, кәсіби деңгейін жетілдіру, сахналық мінез-құлық дағдыларын игеру, шығарманың формасы мен стилін және бейнесін ашу.

Өндірістік практика бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес жасалады және кәсіби стандарт талаптарына сәйкес білім алушыларды кәсіби маңызды дағдыларға дайындау мен арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

Білім алушылардың орындаушылық практикасы жалпы концерттерде жеке өнер көрсетуінің болуымен, байқауларға, фестивальдарға және олимпиадаларға қатысуы арқылы есепке алынады.

17. Дипломалды практикасы. Диплом жұмысын (жобаны) дайындап, жазу үшін білім беру-кәсіби бағдарламасымен дипломалды практикасы қарастырылады.

Дипломалды практика Құрманғазы атындағы ҚҰК барлық мамандықтарының білім алушылары үшін бітіретін курста (4 курс 8 семестр) өткізіледі және жеке оқу жоспарына сәйкес диплом жұмысын/жобасын орындайды.

Дипломалды практикасының мазмұны дипломдық жобамен (жұмыспен) анықталады.

Дипломалды практикасының негізгі міндеттері:

- дипломдық жұмыс жазуға арналған материал жинау;
- ғылыми жұмыс жүргізу дағдыларын меңгеру;
- ғылыми мәтін жазу дағдыларын меңгеру.

Дипломалды практикаға басшылықты, әдетте, дипломдық жұмыстың (жобаның) басшысы жүзеге асырады.

Дипломалды практиканың қорытындылары бітіруші кафедра ұйымдастыратын дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғауда шығарылады. Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау кафедра отырысында жүргізіледі.

18. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілетін практиканың екі түрін қамтиды:

- 1) НП цикліндегі педагогикалық – ЖЖОКБҰ;
- 2) БП цикліндегі зерттеу – диссертация орындалатын мекемеде өткізіледі.

19. Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы БП цикліндегі өндірістік практиканы қамтиды.

20. PhD докторантурада Практика ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

21. Докторантураның білім беру бағдарламасы:

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 6-ші беті

1) педагогикалық және зерттеу практикасы – философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін;

2) өндірістік практика – бейінді докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін.

22. Практиканың әр түрінің өзіндік мақсаттары, міндеттері мен бағдарламасы бар, соның негізінде практиканың тиісті базасы анықталады.

23. Педагогикалық практика жетекшісі болып оқыту кафедрасы мүшелерінің бірі тағайындалады. Практика бағдарламасы кафедрада әзірленеді және бекітіледі.

24. Педагогикалық практика бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушылардың кәсіби маңызды дағдыларын дамытуға және педагогтің педагогикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

25. Практика қорытындысы бойынша білім алушылар кафедраға есеп береді, оны практика басшысы тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды.

26. Магистранттың, докторанттың *зерттеу практикасы* отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерімен танысу мақсатында жүргізіледі.

1) зерттеу практикасы бүкіл оқу барысында ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратурада, докторантурада жүргізіледі;

2) зерттеу практикасының жетекшісі болып магистрлік және докторлық диссертацияның ғылыми жетекшісі тағайындалады. Практика бағдарламасын магистранттың, докторанттың ғылыми жетекшісі әзірлейді және бекітеді.

27. Зерттелетін тақырып бойынша материалдар жинау, сипаттау және талдау, Оқу процесінде алған білімдерін кеңейту және тереңдету, практикалық зерттеу тәжірибесін алу, оның ішінде магистрлік диссертацияның эксперименттік бөлімі, зерттеу мәдениетін қалыптастыру.

28. Зерттеу практикасының мазмұны магистрлік диссертация тақырыбымен анықталады.

29. Практика нәтижелері диссертация жазу үшін қолданылады және соған сәйкес ресімделеді.

30. БП цикліндегі өндірістік практика оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеру, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

3. ҰЙЫМДАРДЫ ПРАКТИКА БАЗАСЫ РЕТІНДЕ АЙҚЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

31. Білім алушылардың кәсіби практикасын жүргізу базасы ретінде ұйымдар алдын ала анықталады, оның жарғылық қызметі кәсіби практика мен материалдық-техникалық базаны басқаруды жүзеге асыратын білікті қызметкерлері бар, мамандарды даярлау профиліне және білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес келеді.

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 7-ші беті

32. Құрманғазы атындағы ҚҰК білім алушылары үшін практика базасы орта кәсіби және жоғары оқу орындары (музыкалық және арнайы мектептер, колледждер), жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік бөлімшелері (ғылыми-әдістемелік фольклорлық лаборатория, студенттер оркестрі, біліктілікті жоғарылату және қосалқы білім беру бөлімі), білім беру және мәдениет саласының түрлі мекемелері мен ұйымдары (театрлар, филармониялар, Қазақконцерт, БАҚ, оркестрлер және т.б.), мемлекеттік және жергілікті басқару органдары болып табылады.

33. Зерттеу тәжірибесінің негізі мұрағаттар, кітапханалар және т.б.;

34. Педагогикалық практика оқыту мен оқыту әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте магистранттар, докторанттар бакалавриатта, магистратурада сабақ өткізуге тартылады.

35. ҚҰК бейіні бойынша докторанттар үшін өндірістік практиканың базасы барлық меншік нысанындағы мәдениет және өнер ұйымдары мен кәсіпорындары; мемлекеттік және жергілікті басқару Мәдениет органдары; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын техникалық ұйым, кәсіби және жоғары оқу орындары болуы мүмкін.

36. Сондай-ақ, практика консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің базасында ұйымдастырылуы және жүргізілуі мүмкін.

37. ҚҰК мен ұйымдар арасындағы практика базасы туралы қарым-қатынас өзара келісілген келісімшарт арқылы реттеледі.

38. Практика базаларымен шарттар практика басталғанға дейін жасалады және практика, жұмыспен қамту және мансап секторындағы практика менеджері шарттарды тіркеу журналында тіркеледі.

4. ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

39. Практика бағдарламалары олардың мазмұнын, дәйектілігін және студенттерге одан әрі өндірістік және ұйымдастырушылық жұмыс үшін қажетті практикалық дағдыларды игеру әдістерін анықтайтын негізгі құжат болып табылады.

40. Бакалавриат практикасы бағдарламалары білім беру бағдарламасының бейінін, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның – практика объектісінің сипатын ескере отырып әзірленеді және академиялық мәселелер жөніндегі проректормен бекітіледі. (Қосымша 1).

41. Магистратура мен докторантура практикасының бағдарламалары білім беру бағдарламасының бейінін, кәсіпорынның, мекеменің, ұйым – практика объектісінің сипатын ескере отырып әзірленеді және ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректормен бекітіледі. (2-қосымша).

42. Практика бағдарламасы бітіртуші кафедрада жасалады және бекітіледі.

43. Практика бағдарламасында:

1) білім алушылардың жеке сабақтарының мазмұны мен орындалу уақыты;

2) білім алушының өндіріс, мекеме, ұйымдардағы әдістемелік, оқытушылық және ғылыми жұмыстарға қатысуы;

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 8-ші беті

3) білім алушының практика бойынша есебін ретке келтіру және қорғау уақыты;

4) білім алушы практикантқа көмек ретінде дәріс оқу мен сұхбат жүргізу.

5. ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

44. Практика, жұмыспен қамту және мансап секторы мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторы практика басталғанға дейін қолданыстағы шарттар негізінде студенттерді практика базаларына бекітуді жүзеге асырады, әр практика түрі бойынша білім алушылардың, ҚҰК тарапынан тағайындалған практика жетекшілерінің аты-жөні көрсетілген бұйрық жобасын дайындайды. Деканмен келісілген бұйрық жобасы академиялық мәселелер жөніндегі проректормен және/немесе ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректормен келісіліп, практика басталғанға дейін ректордың бекітуіне жіберіледі.

45. Кәсіби практиканы жүргізу үшін бітіртуші кафедра практика базасымен келісе отырып бағдарлама, күнтізбелік кесте бекітеді.

46. Кәсіби практикадан өту үшін білім алушыға кәсіби практикадан өтуге жолдама және/немесе анықтама, кәсіби практиканың жұмыс жоспары-кестесі, белгіленген нысандарға сәйкес кәсіби практикадан өткені туралы күнделік-есеп беріледі (Қосымша 3, 4, 5, 6, 7).

47. Білім алушыларды бакалавриат бойынша практиканың барлық түрлеріне жіберуді АМЖ жөніндегі проректор, ал магистратура мен докторантураға арналған анықтаманы практикадан өту мерзімдері мен практика базасын көрсете отырып, ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор ресімдейді.

48. Кәсіби практикаға арналған шығындарды практика базасы болып табылатын оқу орны мен кәсіпорын (мекеме, ұйым) жоспарлайды және кәсіптік практиканы жүргізуге арналған шартпен айқындалады.

49. Практиканың жалпы қорытындылары факультет кеңесінде шығарылады және ҚҰК оқу-әдістемелік кеңесінде баяндалады.

50. Практикадан өту кезінде білім алушының практикадан өту орнынан алатын жалақысына қарамастан (бос орынға жұмысқа қабылдау жағдайында) жалпы негіздегі шәкіртақы алуға деген құқығы сақталады.

6. ПРАКТИКАҒА ЖЕТЕКШІЛІК ЕТУ

51. Практиканы тікелей ұйымдастыруды және оқу-әдістемелік жетекшілік етуді практиканы жүргізуге жауапты кафедра мен кафедра меңгерушісі тағайындаған кафедраның практика жетекшісі жүзеге асырады.

52. Практика жетекшісі ретінде мамандық ерекшелігі мен практика базасының қызметін жетік білетін тәжірибелі оқытушылар, профессорлар, доценттер тағайындалады.

53. Практиканы ұйымдастыру және жүргізу мәселелерінде құрылымдық бөлімшелердің тұрақты қызметтері мен міндеттері және лауазымдық тұлғалар келесі түрде анықталады:

Практика жетекшісі:

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 9-ші беті

1) кафедрада практика нәтижелерін жоспарлауды, ұйымдастыруды және есепке алуды қамтамасыз етеді, оны өткізудің жоспар-кестесін жасайды;

2) кафедрада орнату және қорытынды конференцияларды ұйымдастырады және өткізеді, демонстрациялық материал ұсынады;

3) практиканы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді, кафедралар мен факультет кеңесінің отырыстарында оны ұйымдастыру мәселелерін талқылауға қатысады;

4) магистранттар мен докторанттар өткізетін сабақтар мен концерттік қойылымдарға қатысады, практиканы ұйымдастырудағы кемшіліктерді жоюға шаралар қабылдайды;

5) практика қорытындысын жасауға қатысады;

6) практика бойынша құжаттардың уақтылы ресімделуін қамтамасыз етеді;

7) магистранттар мен докторанттар практикаларының қорытындылары бойынша есеп жасайды;

8) практика процесінде басшылар магистранттар мен докторанттарға қажетті әдіснамалық көмек көрсетеді және оның өтуіне, практика мерзімдері мен мазмұнының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

9) практикадан өту бойынша жазбаларды магистрант/ докторант практика күнделігінде жеке өзі жүргізеді, онда басшы өз қолын қояды.

Кафедраның практика жетекшісі:

1) өндіріс орнынан тағайындалған практика жетекшісімен тұрақты байланыс орнату, өндіріс ерекшелігін ескере отырып практика бағдарламасы жайлы келісім жасауға;

2) білім алушыларға арналған жеке тапсырмалардың тақырыптарын жасауға;

3) білім алушылар практикаға барар алдында барлық ұйымдастырушылық іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз етуге;

4) өндірістегі техникалық қауіпсіздік ережелерін таныстыру мақсатында практикаға бағытталған білім алушылармен сұхбат өткізуге;

5) практиканың өз уақытында басталуын, білім алушының өндіріс орнына баруы мен жұмыс жасауын қамтамасыз етуге;

6) практика уақыты мен мазмұнының сақталуын қамтамасыз етуге;

7) жеке сабақтарды орындауда және бітіруші біліктілік жұмысқа материал жинауда білім алушыларға әдістемелік көмек көрсетуге;

8) практика бағдарламасын орындауды, күнделік жүргізуді бақылауға;

9) практика туралы есепті тексеру және оның қорғалуын тексеруге;

10) білім алушы практиканттарға кәсіби сипаттама беруге;

11) практика қорытындысын жасауға қатысуға;

12) кафедра меңгерушісіне білім алушылардың практикасын жетілдіру бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды есепке ала отырып, практиканың өтуі туралы жазбаша есеп жасауға;

13) барлық жұмыстарды өндірістегі практика жетекшісімен тығыз байланыс жасай отырып жүргізуге міндетті.

Кафедра меңгерушісі:

1) практика басталардан екі ай бұрын практика базасы саналатын өндіріспен практикадан өту жағдайы туралы келіседі;

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 10-ші беті

2) кафедра мәжілісінде жылына бір реттен кем емес практиканың ұйымдастырылуы мен өтуі туралы мәселелерді ұйымдастырады;

3) тәжірибелі оқытушыны практика жетекшісі ретінде бөледі;

4) Практиканың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне, практика уақытының сақталуына, өндірістегі практика мазмұндылығына, сапалы жетекшілік етуіне жалпы бақылау жасайды;

Кафедралар:

1) Практика бағдарламасын жасайды және қажеттілікке қарай (бес жылда бір реттен кем емес) қайта қарастырады;

2) ҚҰК-нан практика жетекшісін іріктеуді жүзеге асырады;

3) практика базасын анықтайды және келісім-шарт жасайды;

4) практика бойынша жеке сабақтардың тақырыбын құрастырады;

5) практика жетекшісі ретінде тағайындалған оқытушылардың және білім алушы практикадан өтетін практика орны туралы мәліметтерді (оның ішінде келісімшарт деректемелері, келісімдер, кепілхаттары) деканатқа ұсынады;

6) Практика жетекшісінің қатысуымен практика мәселелері бойынша білім алушыларға жиналыстар өткізуді және практика кезінде кеңес беруді ұйымдастырады;

7) Білім алушылардың практикадан өтуіне жетекшілік ету мен практиканың жүргізілуін бақылайды;

8) практикаға жетекшілік етуге арналған кафедра оқытушыларының жұмыс кестесін құрастырады және білім алушылардың практиканы бітіруі туралы есебін қорғауды ұйымдастырады;

9) кафедра мәжілісінде практика бағдарламасының орындалуына талдау жасайды, қорытындысын талқылайды;

10) практиканың өтуі туралы оның ұйымдастыруын жетілдіру бойынша ұсыныстармен бірге факультет деканатына есеп тапсырады.

Факультет деканаты:

1) білім алушылардың практикасы туралы жобаны дайындайды;

2) студенттердің практиканың өтуі мен одан емтихан тапсыратындығы туралы хабардар етеді;

3) кафедрада білім алушылар практикасының ұйымдастырылуы мен өтуіне бақылау жасайды;

4) практика қорытындысы бойынша емтихан мен есептік құжаттарының өз уақытында тапсырылуын бақылайды.

Практика базасында практиканы ұйымдастыруға жауаптылар:

1) практика базасында практиканың ұйымдастырылуына жауап беру бір жетекші оқытушыға немесе жоғары білімді жоғары білікті маманға жүктеледі;

2) практика бағдарламасын оқып-үйреніп, жұмыс орнында оның орындалуын ұйымдастырады;

3) білім алушыларды ішкі тәртіп ережелерімен таныстырады;

4) практиканттармен еңбек тәртібін сақтау ережелері бойынша жұмыс жүргізеді, еңбек қызметі мен демалыстың және білім алушыларды тұрмыстық тазалықпен қамтамасыз ету тәртібінің сақталуын бақылайды;

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 11-ші беті

5) жеке тапсырмалар мен практика бағдарламасының (бітіруші біліктілік жұмыстарының тақырыптары) орындалуын қамтамасыз ететін, сонымен қатар әртүрлі құжаттарды, кітапхананы және т.б. өндіріс бөлімшелерін пайдалану мүмкіндігіне қажетті ақпараттарды ұсынады;

6) практикадан өту кезінде білім алушыларға мамандыққа қажетті білім мен дағдыларды игеруге жағдай тудырады;

7) аталған өндірістен практикадан өту кезінде студенттерге байланысты қайғылы жағдайларға байланысты толық жауапкершілік міндет жүктейді;

8) практиканың аяқталуы кезінде әр практикант білім алушыға мінездеме береді;

9) практика туралы күнделік пен есептерін тексеріп қол қояды.

1) Практикаға жетекшілік ету. Өндірістік практика екі жетекшінің басшылығымен жүргізіледі: жоғары оқу орны тарапынан және кәсіпорын тарапынан. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы тарапынан өндірістік практика жетекшісі ретінде бітіруші кафедраның оқытушысы тағайындалады. Магистрант практикадан өтетін кәсіпорын (ұйым) тарапынан тәжірибе жетекшісі ретінде сол кәсіпорынның әкімшілігі тағайындайды.

2) Өндірістік практиканың мақсаты (бейіндік магистратура) – оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту; мамандық бойынша басқару, өндірістік және ғылыми жұмыстың практикалық тәжірибесін алу.

54. Кредиттердегі практиканың ұзақтығы мен еңбек сыйымдылығы оқу жұмыс жоспарымен, ал өткізу мерзімдері академиялық күнтізбемен айқындалады.

55. Зерттеу практикасының мазмұны магистрлік жұмыс тақырыбымен анықталады.

56. Практика нәтижелері диссертация жазу үшін қолданылады және соған сәйкес ресімделеді.

57. Практика қорытындылары шығарушы кафедра ұйымдастыратын қорытынды конференцияда баяндалады.

7. ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

58. Практикадан өту кезінде білім алушылар:

1) практика тапсырмасын іс жүзінде орындау үшін қажетті ақпарат алуға;

2) практиканың базалық кітапханасын және бөлім басшыларының рұқсатымен, олардың ақпараттық жинақтарын және мұрағаттарын қолдануға;

3) практикалық тапсырмада көзделген мәселелер бойынша кәсіпорындар мамандарынан құзыретті кеңес алуға;

4) практика жетекшілігінің рұқсатымен кәсіпорыннан және бөлімше басшыларынан практиканың тапсырмаларын орындауға байланысты ақпаратты өңдеу үшін есептік және кеңсе жабдықтарын пайдалануға;

5) өндірістік емес инфрақұрылымдық бөлімшелерді (асхана, кафе және т.б.) пайдалануға;

6) кәсіпорынның кәсіби қызметіне тікелей қатысуға;

7) кәсіпорында бос орындар болған кезде мамандық бейіміне сәйкес ақылы жұмысқа (лауазымдарға) орналасуға құқылы.

59. Практикадан өту кезінде білім алушы:

Қағида	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	33 беттің - 12-ші беті

- 1) практика өту орнына уақытында келу және практика бағытын ұсыну;
- 2) ішкі еңбек тәртібін және еңбек қорғау ережелерін, кәсіпорында әрекет ететін барлық талаптарды сақтау және орындауға;
- 3) практиканың бағдарлама кестесінде (жоспар - кестесімен) көзделген міндеттерді толық және дербес орындауға;
- 4) тапсырмаға сәйкес қажетті ақпаратты жинау, жүйелеу, өңдеу және талдауға;
- 5) басшыларға жүйелі түрде атқарылған жұмыс туралы ақпарат беріп, ҚҰК басшысының кеңесіне уақытында келуге;
- 6) практика күнделігінің үнемі жазбаларын жұмыс сипаты бойынша сақтау және өз уақытында практика жетекшілігіне тапсыруға;
- 7) ҚҰК практика жетекшілігіне уақтылы жазбаша баяндама және практика күнделігін ұсыну, практика жетекшілігімен қол қойылған барлық тапсырмаларды орындау және оны қорғауға;
- 8) ішкі еңбек нормаларының ережелерін сақтауға және бағынуға;
- 9) қауіпсіздік техникасын мен өнеркәсіптік санитариясын, еңбекті қорғау ережелерін зерттеу және қатаң түрде сақтауға;
- 10) ұйымның әдістемелік, педагогикалық және ғылыми жұмысына қатысу, практика бағдарламасында көзделген тапсырмаларды орындауға міндетті.

60. Магистрант / докторант:

- 1) практиканың тиісті базасында қолданылатын ішкі тәртіп қағидаларына бағынуға;
- 2) практика бағдарламасын толық орындауға, жоғары оқу орны белгілеген нысан бойынша практика күнделігін жүргізуге міндетті;
- 3) практикадан өту кезеңінде өзін жұмысқа деген терең қызығушылығы бар, болашақ мамандықты сүйеге және құрметтеуге ұмтылатын маман ретінде көрсету;
- 4) ұйымшылдықтың, тәртіптіліктің және еңбекқорлықтың үлгісі болу;
- 5) еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өндірістік санитария қағидаларын зерделеуге және қатаң сақтауға;
- 6) практика басшысына белгіленген нысан бойынша барлық тапсырмаларды орындау туралы практика базасының басшысы қол қойған жазбаша күнделік ұсынуға міндетті;
- 7) мамандық бейіні бойынша ақылы лауазымдарға Бос орындар болған кезде қабылдануға міндетті.

8. ПРАКТИКАҒА ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАУ

